

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің PhD докторанты Дюсенов Багдат Данияровичтің «8D02209 – Шығыстану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Мәмлүктер кезеңіндегі жазба ескерткіштер – тілдік-мәдени дереккөз («ад-Дурра әл-мудийа» және «аш-Шузур аз-захабийа» материалдары негізінде)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына отандық ғылыми кеңесші, тарих ғылымдарының докторы, профессор Муминов Аширбек Курбановичтің**

## **ПІКІРІ**

PhD докторант Дюсенов Багдат Данияровичтің «Мәмлүктер кезеңіндегі жазба ескерткіштер – тілдік-мәдени дереккөз («ад-Дурра әл-мудийа» және «аш-Шузур аз-захабийа» материалдары негізінде)» атты тақырыпта жазылған диссертациялық жұмысы әлем ғылымы үшін өте өзекті мәселені қарастырады. Ізденуші жұмысын орындау барысында Мәмлүктер мемлекетінде пайда болған жазба ескерткіштердің үлкен бір бөлігі – араб-туркі-қыпшак тілдерінде түзілген сөздіктердің пайда болуын, сөздік түзудің дәстүрлі сабактастығын кезең-кезеңімен жүйелей білген.

Алғашқы араб-парсы-туркі сөздіктерінің пайда болуына басты себеп болған ислам дінінің негізгі тірегі – Құранның аудармалары. Алғашқы бетте ислам дінінің ғұламалары шығарған пәтуа бойынша Құранды аударуға болмайтын. Бірақ оның мағыналарын сөздік түрінде, яғни, Құранның сұресі жазылып, сол сұре аяттарының астына тұтастай аудармасы емес, әрбір сөздің астына жолма-жол парсы-туркі тіліндегі балама сөзді жазуға болады деген пәтуа шығарды. Осы пәтуа негізінде алғашқы Құран сөздіктері пайда болған. Докторант қазіргі күнге жеткен Құран сөздіктерінің зерттелуі, құрылымы мен жасалу әдісі, мазмұны, сөздік қоры, әсіресе, олардың нұсқалары жөнінде жан жақты мол мағлұмат бере білген және жолма-жол сөздік түзу тәсіліне қатысты жаңа тұжырымдар ұсынады.

Бұл кезеңдері Құран сөздіктерінен бөлек, араб тілінің ірі мамандары Халил ибн Ахмадтың «Китаб әл-‘айн», Исма‘ил әл-Жауһаридің «Тәж әл-лұғат уа сихах әл-‘арабийа», Ибн Манзурдың «Лисан әл-‘араб», әл-

Фирузабадидің «әл-Қамус әл-мұхит» сияқты араб тілінің түсіндірме сөздіктері және түркі тілінің данышпан ғалымы Махмұт әл-Қашғаридың «Диуан лұғат әт-түрік» атты арабтарға түркі тілін үйретуге арналған сөздігі пайда болған. Бұл сөздіктердің барлығы әліпби тәртібімен сөзбе-сөз тәсілімен жасалған. Ал докторанттың ұсынып отырған тұжырымы бойынша Құран сөздіктерін түзуде қолданылған жолма-жол тәсілі Махмуд әз-Замахшаридің «Мұқаддамат әл-адаб» сөздігінің Жошы ұлысы кезінде араб-парсы-түркі тілдерінде түзілген көшірмелерінде көрініс береді. Кейіннен жолма-жол сөздік түзу дәстүрі дамып жетіліп, Мәмлүктер кезеңінде Мысыр мен Шамда жасалған сөздіктерге негіз болған деген тың тұжырымдар ұсынады. Бұл ұсыныстар құптарлық жаңа болжамдар деп бағалаймыз.

Диссертациялық жұмыстың негізгі дереккөзі ретінде Мәмлүктер кезеңінде түзілген «ад-Дурра әл-мудийа» және «аш-Шузур аз-захабийа» атты екі сөздік қолжазбаларының түпнұсқаларымен жұмыс жүргізген. Екі сөздіктегі лексикаларды сол кезеңдегі араб-түркі-қыпшақ тілдеріндегі сөздіктермен салыстырып, лингвистикалық түсініктемелерін берген. Екі ескерткіштің зерттелуі, бұрын белгісіз болып келген нұсқаларын анықтап, оларға сынни мәтін жасаған. Екі ескерткішті тұңғыш рет бастан-аяқ қазіргі қазак тіліне аударып, ғылыми айналымға енгізіп отыр. Тарихи тілдік салыстырмалы зерттеу жұмыстарын жүргізу мақсатында «ад-Дурра әл-мудийа» сөздігінің материалдары негізінде мәмлүк қыпшақ тілінің фонетикалық, лексика-грамматикалық ерекшеліктерін жан жақты қарастырған.

Мәмлүктер мемлекеті, Алтын Орда және одан кейінгі кезеңдердегі арабжазулы эпиграфикалық ескерткіштердің маңызы, зерттелуі, олардың тілдік ерекшеліктері мен каллиграфиясы, тас қашау өнері, онда берілген Құран аяттары, марсийалар, және т.б. мәліметтермен толыққанды таныстырған. Ізденуші Мәмлүктер кезеңіндегі жазба ескерткіштер қазіргі қазак тілі мен еліміздің тарихы, мәдениеті, дүниетанымы тұрғысынан толыққанды тілдік-мәдени дереккөз бола алатындығын дәлелдеген.

Дюсенов Багдат Данияровичтің философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Мәмлүктер кезеңіндегі жазба ескерткіштер – тілдік мәдени дереккөз («ад-Дурра әл-мудийа» және «аш-Шузур аз-захабийа» материалдары негізінде)» тақырыбына жазылған диссертациялық жұмысы ғылыми деңгейі мен сапасы жағынан толық аяқталған зерттеу жұмысы болып табылады және «8D02209 – Шығыстану» білім беру бағдарламасы бойынша қорғауға жіберуге болады.

**Отандық ғылыми кеңесші, тарих ғылымдарының докторы**

Муминов А.К.



*A.K. Muminov*  
(тегі, аты, ажесінің аты / Ф.И.О.)  
қолтаңбасын растайдынын (подпись заверяю)  
20.08.2022 ж./г.

